



«25» сәуір 2023 жыл

№ 455

Қарауылкелді ауылы

2022 -2023 оқу жылының аяқтау және орта білім беру ұйымының білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы, 14 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуіріндегі №159 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 18.04.2023 жылғы №173 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылының аяқталуы мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1.1. 2022-2023 оқу жылы 2023 жылдың 31 мамырында аяқталсын;
 - 1.2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары -2023 жылғы 2-13 маусым аралығында;
 - 1.3. 11 (12) сыныптарда мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында;
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 (10) сыныптарда білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 2.1. Қазақ/ орыс тілдерінен (оқыту тілі бойынша) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2.2. математикадан (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
 - 2.3. қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
 - 2.4. таңдау пәні бойынша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), (ағылшын/неміс), информатика)- 2023 жылғы 13 маусым;
 - 11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 2.5. Қазақ/ орыс тілдерінен (оқыту тілі бойынша) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
 - 2.6. Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 8 маусым;
 - 2.7. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан– 2023 жылғы 12 маусым;

2.8. таңдау пәні бойынша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (оқыту тілі бойынша), (ағылшын/неміс), информатика)- 2023 жылғы 19 маусым

3. 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатында ұйымдастыру іс-шаралары облыстық білім басқармасының 18.04.2023 жылғы №173, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88, және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.

4. 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы білім туралы аттестатын беру салтанатты шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізілсін, білім алушылардың өмір қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынсын.

5. Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

6. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімінің 25.04.2023 жылғы №77 бұйрығы.

Мектеп директоры:



Б.Ж.Нуртазина